

Ынтымақтастық және өзара іс-қимыл туралы МЕМОРАНДУМ

Түркістан қаласы

"12" 08 2025 жыл

Осы Меморандум Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес, өзара тиімді әріптестік пен мәдени-танымдық жобаларды жүзеге асыру мақсатында, «Turkistan Media Holding» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, бұдан әрі — Тарап 1, атынан Бас директоры Қыдыров Уали Сағындыкович, бір жағынан, және «Әзірет Сұлтан» Ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығы» Республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны, бұдан әрі — Тарап 2, атынан директорының міндетін уақытша атқарушы Тастанбеков Мурат Мейрбекович, екінші жағынан, бірлесе отырып, келесі Меморандумды жасасты:

1. МАҚСАТЫ МЕН НЫСАНЫ

1.1. Осы Меморандумның мақсаты – «Turkistan» телеарнасымен серіктестік орнату, бірлескен телевизиялық жобаларды жүзеге асыру, сондай-ақ әріптестік қарым-қатынасты нығайту, тарихи-мәдени мұраны таныту және насихаттау бойынша бірлескен жобаларды іске асыру.

1.2. Меморандумның нысаны – тараптардың өзара сенімділік, теңдік және еріктілік қағидаттарына негізделген бірлескен ақпараттық, мәдени және шығармашылық жобаларды жүзеге асыруы.

2. ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ БАҒЫТТАРЫ

2.1. Тараптар келесі бағыттарда ынтымақтастық орнатады:

- Телевизиялық жобаларды әзірлеу мен түсіру;
- Ғылыми-танымдық мазмұндағы деректермен қамтамасыз ету;
- Түсірілім үшін тарихи орындарға рұқсат беру және жағдай жасау.
- Телевизиялық, деректі және танымдық жобалар түсіру;
- Тарихи-мәдени мұра объектілерін насихаттауға арналған мазмұн әзірлеу;
- Ақпараттық және медиалық қолдау көрсету;
- Бір-бірінің бастамалары мен жобаларын қолдап, қажет болған жағдайда ресурстық немесе кеңестік көмек көрсету.
- Тараптар, қажет болған жағдайда, бір-бірінің ұсыныстарына ашық қарап, ортақ жобаларды жүзеге асыруға өз мүмкіндіктері шеңберінде көмектесуге дайын болады.

3. ТАРАПТАРДЫҢ МІНДЕТТЕРІ

3.1. Тарап 1 міндеттенеді:

- Телевизиялық жобаларды түсіруді ұйымдастыру;
- Техникалық жабдықтарды және шығармашылық топты қамтамасыз ету;
- Жобаларға продюсерлік қолдау көрсету.
- Қажеттілік туындаған жағдайда, түсірілген жобаларды музей-қорық сайтында және/немесе әлеуметтік парақшаларында жариялауға рұқсат беру.

3.2. Тарап 2 міндеттенеді:

- «Әзірет Сұлтан» музей-қорығы аумағында түсірілім жүргізуге қажетті рұқсаттарды беру;
- Тарихи-мәдени ақпаратпен қамтамасыз ету;
- Объектілердің қауіпсіздігін сақтау талаптарына сәйкес бақылау жүргізу.
- Қажеттілік туындаған жағдайда түсірілген жобаларды музей-қорық сайтында және/немесе әлеуметтік парақшаларында жариялау

4. ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ МЕРЗІМІ

4.1. Меморандум қол қойылған күннен бастап күшіне енеді және 2028 жылдың 31 желтоқсанына дейін (3 жыл мерзімге) жарамды.

4.2. Қызмет мерзімі аяқталған соң тараптардың келісімімен Меморандум жаңа мерзімге ұзартылуы мүмкін.

5. ЗАҢНАМАЛЫҚ НЕГІЗ

Осы Меморандум келесі заңнамалық актілерге сәйкес жасалды:

- Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (еркін келісім мен мәміле негізінде);
- ҚР «Мәдениет туралы» Заңы;
- ҚР «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» Заңы;
- ҚР «Телерадио хабарларын тарату туралы» Заңы;
- ҚР «Авторлық және сабақтас құқықтар туралы» Заңы;
- Өзге де қолданыстағы нормативтік құқықтық актілер.

6. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

6.1. Осы Меморандум – екі тараптың өзара ынтымақтастығы мен ниеттерін білдіретін құжат болып табылады. Ол заңдық міндеттемелер туындатпайды, бірақ тараптар Меморандум талаптарын барынша орындауға тырысады.

6.2. Тараптар Меморандум талаптарын орындауға барынша күш салады.

6.3. Тараптардың кез келген ұсынысы немесе жаңа жоба бастамасы өзара келісім арқылы қаралып, қолдау көрсету мүмкіндігі жеке тәртіппен талқыланады.

6.4. Осы Меморандум екі дана етіп, әр тарапқа бір-бірден беріледі және екі нұсқа да бірдей заңды күшке ие.

6.5. Даулы мәселелер туындаған жағдайда тараптар оларды келіссөздер арқылы шешуге ұмтылады.

7. ТАРАПТАРДЫҢ ДЕРЕКТЕМЕЛЕРІ:

«Turkistan Media Holding» ЖШС

Туркестанская область,
г.Туркестан, Микрорайон,
ЖАНА КАЛА, Улица 11, 26
БСН 121040005857
БСК HSBKKZKX
ЖСК KZ536010001000008941
"Қазақстан Халық Банкі" АҚ
Тел.: 87004557080
Бас директор
Қыдыров Уали Сагындыкович

«Әзірет Сұлтан» Ұлттық тарихи-
мәдени музей-қорығы» РМҚК
Түркістан қаласы, Айтеке би көшесі,
№1Б
БСН 990340004423
ЖСК KZ60601A891000048531
«Қазақстан Халық Банкі» АҚ
АО «Народный банк Казахстана»
БСК HSBKKZKX
КБЕ 16
Директордың міндетін уақытша
атқарушы:
Тастанбеков Мурат Мейрбекович

ТАРАПТАР:

«Turkistan Media Holding» ЖШС

Бас директор

Turkistan Media
Holding»

БИН 121040005857

У. Қыдыров

«Әзірет Сұлтан» Ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығы

директордың м.у.а.

/М. Тастанбеков